Бос дискілерді сақтау орны сырғымалы тығыздауыш сақинасы мен май құю саңылауы бар екі қатарлы еңісті шарлы мойынтректен тұрады және техникалық қызмет көрсетуді талап етпейді.

Дискілер резенке серіппелі элементтер арқылы артық жүктемеден қорғаныспен жабдықталған. Бөгеттің үстінен өткеннен кейін дискілер резенке серіппелі элементтер арқылы қайтадан жұмыс қүйіне орнатылады.



- **Терендікті реттеу**


Тәнестіру блогының өндеу терендігі тістердің өндеу терендігіне байланыссыз реттеледі.

Өндеу терендігін реттеу үшін, 64-бетті қараңыз.

5.4.1 Cenius 3503: бос дискілерді реттеу

Cenius 3503 құрылғысында реттелмелі бос дискілер бар.


Суретте бос дискілердің стандартты реттеулері көрсетілген:



5.5 Шектік дискілер / шектік қырғылар


Тартылмалы шектік дискілер / шектік қырғылар бүйірлік бөгетсіз тегіс алқапты дайындаиды.

- Қос шектік дискіні / шектік қырғыны тасымалдау үшін толықтай ішке жылжытыңыз, кілтпен шығарып, серіппелі фиксатормен бекітіңіз.
- Пайдалану үшін шектік дискілерді / шектік қырғыларды әртүрлі саңылауларға енгізуге болады.



• Реттелмелі шектік дискілер

Реттелмелі шектік дискілер (қосымша) ұзындық бойынша реттеледі және бұрау арқылы ілінісу бұрышына бейімделуі мүмкін.




• Артық жүктемеден қорғанысы бар шектік қырғы

- (1) Болат серіппенің артық жүктемеден қорғанысы
- (2) Резенке элементтің артық жүктемеден қорғанысы



- Шектік дискілерді тістердің орналасу пішіміне де монтаждауға болады.
- Шектік қырғыларды дискілердің орналасу пішіміне де монтаждауға болады.



5.6 Катоктар

• Тандемді каток TW520/380

Тандемді каток мыналардан тұрады:

- жоғарғы саңылаулар тобына монтаждалған алдыңғы спиральді құбыр катогы.
 - астынғы саңылаулар тобына монтаждалған артқы аралық каток.
- Тамаша түйіршіктеу мүмкіндігіне ие.
- Планчаттық қабыргалы каток SW600
 - Топырақты азырақ артынан тығыздау үшін планчаттық қабыргалы каток қолжетімді.
 - Тамаша қызмет атқаратын дербес жетекке ие.

• Конустық сақиналды каток KW580


реттелмелі қырғышы бар.

- Орташа ауыр топырақ жағдайлары үшін оңтайлы болып табылады.

• Конустық сақиналды каток KWM600


матрицалы профилі мен реттелмелі қырғышы бар.

- Женіл, орташа және ауыр жер жағдайлары үшін оңтайлы болып табылады.



Конструкциясы мен жұмысы

- **U тәрізді профильді каток UW580**
- Жеңіл топырақ жағдайлары үшін оңтайлы болып табылады.
- Бітелуге бейімсіз және тамаша жүк көтергіштікке ие.



- **Екі U тәрізді профильді каток UW580**

- Жеңіл және орташа ауыр топырақ жағдайлары үшін оңтайлы болып табылады.
- Бітелуге бейімсіз және тамаша жүк көтергіштікке ие.

- **DDU 600 екі дискілі U тәрізді профильді каток**

- Жеңіл, орташа және ауыр жер жағдайлары үшін оңтайлы болып табылады.
- Тасқа бейімсіз және тамаша жүккөтергіштікке ие.

- **Дискілік каток DW600**

- Жеңіл, орташа және ауыр жер жағдайлары үшін оңтайлы болып табылады.
- Тамаша түйіршіктеу мүмкіндігіне ие.
- Бітелу мен жабысуға бейімсіз және тамаша жүк көтергіштікке ие.

- **FW580 серіппелі сақина білігі**

- Жеңіл топырақ жағдайлары үшін оңтайлы болып табылады.
- Бітелуге бейімсіз және тамаша жүк көтергіштікке ие.


5.7 Артқы тырма (қосымша)

Артқы тырма топырақты ұсақтау және тегістөу үшін пайдаланылады.

Жұмыс қарқындылығын саңылаулар тобындағы кілтті орнату арқылы реттеуге болады.

Кілтті серіппелі фиксатормен бекітіңіз.


- (1) Жұмыс қарқындылығын реттеуге арналған бүйірлік алты қырлы кілт.
→ Бүйірлік алты қырлы кілтті тырма жайылып, артқа қарай еркін теңселе алатындағы етіп орнатыңыз.
- (2) Тегіс тырманы тасымалдау кезінде берік бекітуге арналған бүйірлік алты қырлы кілттің позициясы.
- (3) Тасымалдау кезінде жолда жұру қауіпсіздігінің тақтайын монтаждау.
- (4) Тырма биіктігін тырма жүйесіне қарай ауытқусыз орнату



- Орнатуды барлық реттегіш элементтерде бірдей орнатыңыз.
- Қолданыстан шығару үшін, тырманы көтеріп, шығарыңыз.
- Жұмыс барысында катокқа жолда жұру қауіпсіздігінің тақтайларын бекітіңіз.


Торлы тырма жүйесі 12-125 Hi

Мына катоктар үшін:, SW520, SW600, KW580, KWM600, UW580




Торлы тырма жүйесі KWM650-125 Hi

Мына катокқа арналған: WW650



Торлы тырма жүйесі 12-284 Hi


Мына катоктарға арналған: TW520/380, DUW580



Конструкциясы мен жұмысы

Серіппені босату жүйесі 167

Мына катокқа арналған: UW580



Серіппені босату жүйесі 2.0M-200


Мына катокқа арналған: FW580



5.8 Гидравикалық қосылымдар

- Барлық гидравикалық желілер тұтқыштармен жабдықталған.

Тракторды басқару блогының қысымды құбырының тиісті гидравикалық функциясын реттеу үшін тұтқыштарда көрсеткішпен немесе қысқаша әріптік сипаттамамен түрлі түсті белгілер орналасқан!



Белгілеу үшін агрегатқа сәйкес гидравикалық функцияларды білдіретін таспалар жapsырылады.

- Гидравикалық функцияға байланысты тракторды басқару блогы әртүрлі басқару әдістерімен пайдаланылады.

Бекіткішпен, майдың тұрақты циркуляциясы үшін	
Түймешікпен, операция орыдалғанша басқару	
Қалқыималы қүй, басқару блогында еркін май ағыны	

Белгілеу	Функция			Тракторды басқару блогы	
жасыл	1		Өндөу терендігі	үлкейту	қосарлы әрекет
	2			азайту	
сарғыш	1		Төңестіру блогының өндөу терендігі	үлкейту	қосарлы әрекет
	2			азайту	



ЕСКЕРТУ

Жоғары қысыммен шығатын гидравикалық май тигендегі инфекция жұғу қаупі!

Гидравикалық шланг сымдарын қосу және ажырату кезінде трактор мен агрегаттың гидравикалық жүйесі қысым астында болмағандығын бақылаңыз.

Гидравикалық маймен жұмыс істеу барысында жарақат алған кезде дереу дәрігерге қаралу қажет.

5.8.1 Гидравликалық шланг сымдарын қосу



ЕСКЕРТУ

Гидравликалық шланг сымдарын дұрыс жалғамау нәтижесінде гидравликалық функциялардың бұзылуынан қауіпті жағдайлар туындайды!

Гидравликалық шланг сымдарын жалғау кезінде гидравликалық қосылымдардың түрлі түсті белгілеріне назар аударыңыз. Осы тақырып жөнінде 49-беттегі "Гидравликалық қосылымдар" бөлімін қараңыз.



- 210 бар шамасындағы максималды рүқсат етілген жұмыс қысымын сақтаңыз.
- Агрегатты трактордың гидравликалық жүйесіне жалғаудан бұрын гидравликалық майдың үйлесімділігін тексеріп шығыңыз.
- Минералды майларды биологиялық майларымен араластырмаңыз.
- Гидравликалық штекер(лер) толығымен құлыптанғанша, оларды гидравликалық муфталарға енгізіңіз.
- Гидравликалық шланг сымдарының муфта орындарының дұрыс және тығыз орнатылғанын бақылаңыз.
- Жалғанған гидравликалық шланг сымдары
 - о бұрылыс пен иілістерде қысымсыз, ақаусыз қосылған болуы тиіс;
 - о бөгде бөлшектерге ұнтақталмауы тиіс.

1. Трактордың басқаруши клапанының басқару тетігін құбылмалы (бейтарап) қалыпқа аударыңыз.
2. Гидравликалық шланг сымдарын тракторға жалғаудан бұрын шланг сымдарының гидравликалық штекерлерін тазалап шығыңыз.
3. Гидравликалық шланг сымдарын тракторды трактордың басқару блоктарына жалғаңыз.

5.8.2 Гидравликалық шланг сымдарын ажырату


1. Трактордың басқару блогының тетігін құбылмалы (бейтарап) қалыпқа аудыстырыңыз.
2. Гидравликалық штекерді гидравликалық муфтадан бөлшектеніз.
3. Кірдің түсін болдырмау мақсатында гидравликалық ұяшықтарды шаңнан қорғайтын қақпақтармен жабыңыз.
4. Гидравликалық штекерді штекер ұстағышына енгізіңіз.

5.9 Үш нүктелі орнату жақтауы

Агрегаттың құрамында:

- Бекітуге арналған серіппелі фиксаторы бар III санаттағы жоғарғы және төменгі інтірек болттары;
- Жоғарғы інтіректі жалғауға арналған 2 позиция;
- Төменгі інтіректі жалғауға арналған 2 позициядан.

Бұрап бекітілетін төменгі інтірек болттарын монтаждауға байланысты 2- немесе 3-санаттағы кергішке қол жеткізіледі.




5.10 GreenDrill аралық дақыл сепкіш құрылғысы

GreenDrill аралық дақыл сепкіш құрылғысы Catros дискілі тырмасымен топырақты өңдеу барысында ұсақ дәнді егін материалы мен аралық дақылды себуге мүмкіндік береді.

- (1) GreenDrill
- (2) Жиналмалы баспалдақ



**GreenDrill пайдалану
бойынша нұсқаулығын да
қараңыз.**



**Жүргізу алдында баспалдақты
тасымалдау күйіне жинап қойыңыз
және тасымалдау күйін кілтпен және
серіппелі фиксатормен бекітіңіз.**

**Баспалдақ сатысын ұстасыш
ретінде қолданыңыз.**

6 Іске қосу

Осы тарауда келесі ақпарат берілген:

- агрегатты іске қосу туралы;
- агрегатыныңды тракторға құрастыру/тіркеу мүмкіндігін тексеру әдісі.



- Агрегатты іске қоспас бұрын пайдаланушы осы пайдалану бойынша нұсқаулықты міндетті түрде оқып шығуы тиіс.
- Мына әрекеттерді орындау кезінде 22-беттегі "Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары" бөлімін қараңыз:
 - о агрегатты қосқан және ажыратқан кезде;
 - о агрегатты тасымалдаған кезде;
 - о агрегатты пайдаланған кезде.
- Агрегатты тек осы мақсаттарға арналған тракторлармен тасымалдаңыз!
- Трактор мен агрегат ұлттық жол жүру ережелеріне сәйкес келуі тиіс!
- Көлік құралының иесі (пайдаланушы) мен жүргізушісі (оператор) қолданыстағы жол жүру ережелеріне сәйкестілікті сақтау үшін жауапты болып табылады!



ЕСКЕРТУ

Гидравликалық немесе электрлік бөлшектердің аймағында қысылу, кесу, ұстап қалу және тарту қаупі.

Гидравликалық немесе электр жүйесінен бөлшектердің қозғалысын қамтамасыз ететін трактордың басқару элементтерін, мысалы, тиуеу, бұру немесе орнын алмастыру секілді элементтерінің қозғалысын қамтамасыз ететін бөлшектерді бұғаттамаңыз. Кез келген қозғалыс автоматты түрде басқарудың тиісті элементтерін түсірген кезде тоқтатылуы тиіс. Бұл төмендегі жүйелердің қозғалысына қатысты болмайды:

- үздіксіз жұмыс істейтін немесе
- автоматты түрде реттелетін немесе
- жұмыс істеу ерекшеліктеріне байланысты қалқыマルы құйді немесе қысым құйін қажет ететін.

6.1 Трактордың жарамдылығын тексеру



ЕСКЕРТУ

Тракторды мақсатынан тыс пайдаланған жағдайда жұмыс кезіндегі бұзылу, жеткіліксіз тұрақтылық, жеткіліксіз басқару және тежеу мүмкіндігінен қауіпті жағдайлар туындаиды!

- Агрегатты тракторға ілу немесе тіркеу алдында трактордың жарамдылығын тексеріңіз.
Агрегатты тек жарамды тракторларға ілу немесе тіркеу керек.
- Агрегат ілінген/тіркелген кезде де тракторда қажетті тоқтаудағы баяулану шамасының бар-жоғын тексеру үшін, тежегіштерді тексеріңіз.

Трактор жарамдылығының негізгі шарттары:

- трактордың үйғарынды жалпы салмағы;
- трактордың үйғарынды білік жүктемесі;
- трактор шинасына максималды үйғарынды жүктеме;
Осы мәліметтер фирмалық тақтайшада немесе көлікті пайдалануға рұқсатнамада және трактордың пайдалану бойынша нұсқаулығында берілген.

Трактордың алдыңғы білігі кем дегендे трактордың 20 % бос салмағына жүктелуі тиіс.

Тежегіш іске қосылған кезде трактор өндіруші көрсеткен нұсқаулықтағы шарттарды, соның ішінде аспалы/тіркемелі агрегаттың комбинациясы кезінде қамтамасыз етуі тиіс.

6.1.1 Трактордың жалпы салмағының нақты мәндерін, трактор белдігіне және шинасына жүктемені, сонымен бірге қажетті минималды балластты есептеу



Трактордың техникалық төлкүжатында көрсетілген трактордың үйғарынды жалпы салмағы төменде көрсетілген салмақтың жалпы сомасынан аспауы тиіс:


- трактордың бос күйіндегі салмағы,
- балласт салмағы және
- аспалы агрегаттың немесе тіркеме агрегаттың тірек жүктемесінің жалпы салмағы



Аталмыш нұсқау тек Германияда қолданылады:

Егер барлық қолжетімді мүмкіндіктер таусылған жағдайда білік жүктемесін және/немесе үйғарынды жалпы салмақты сақтау мүмкін болмаса, федералдық жер құқықтарының негізінде әрекет ететін құзіретті органның § 70 рельссіз көлікті пайдалануға арналған техникалық талаптарына сай рұқсатын, сонымен бірге Жол жүру ережелерінің З-тармасының § 29 сай қажетті рұқсаттарды ресми түрде мойындалған автокөлік маманының қорытындысы және трактор өндірушінің келісімі болған кезде беруге болады.

6.1.1.1 Есептеу үшін қажетті деректер



T_L	[кг]	Трактордың бос салмағы	
T_v	[кг]	Агрегаттың трактордың алдыңғы білігіне жүктеме	Трактордың пайдалану бойынша нұсқаулығын немесе көлікті пайдалануға рұқсатнаманы қараңыз
T_H	[кг]	Агрегаттың трактордың артқы білігіне жүктеме	
G_h	[кг]	Артқы бөлікке бекітілетін агрегаттың жалпы салмағы немесе артқы бөлік салмағы	агрегаттың немесе артқы бөлік салмағының техникалық деректерін қараңыз
G_v	[кг]	Алдыңғы жаққа бекітілетін агрегаттың жалпы салмағы немесе алдыңғы жақ салмағы	алдыңғы жаққа бекітілетін агрегаттың немесе алдыңғы жақ салмағының техникалық деректерін қараңыз
a	[м]	Алдыңғы жабын агрегаты немесе алдыңғы салмақ және алдыңғы білік орталығының ауырлық ортасы арасындағы қашықтық ($a_1 + a_2$ сомасы)	трактордың және алдыңғы жабын агрегаттың немесе алдыңғы балласттың техникалық деректерін қараңыз немесе дербес өлшеуден өткізіңіз
a_1	[м]	Алдыңғы білік ортасы мен төменгі інтірек қосылымының ортасы арасындағы қашықтық	Трактордың пайдалану бойынша нұсқаулығын қараңыз немесе дербес өлшеуден өткізіңіз
a_2	[м]	Төменгі інтірек қосылымының нүктесінің ортасы мен алдыңғы жабын агрегаттың ауырлық ортасы немесе алдыңғы салмақ арасындағы қашықтық (ауырлық ортасының қашықтығы)	Алдыңғы жабын агрегаттың немесе алдыңғы салмақтың техникалық деректерін қараңыз немесе дербес өлшеуден өткізіңіз
b	[м]	Трактордың дөңгелек базасы	Трактордың пайдалану бойынша нұсқаулығын немесе көлік құралының техникалық төлкүжатын қараңыз немесе дербес өлшеуден өткізіңіз
c	[м]	Артқы біліктің ортасы мен төменгі інтірек қосылымының ортасы арасындағы қашықтық	Трактордың пайдалану бойынша нұсқаулығын немесе көлік құралының техникалық төлкүжатын қараңыз немесе дербес өлшеуден өткізіңіз
d	[м]	Төменгі інтірек байланыс нүктесінің ортасы мен алдыңғы жаққа бекітілетін агрегаттың ауырлық ортасы немесе алдыңғы жақ салмағы арасындағы қашықтық (ауырлық ортасының арақашықтығы)	Агрегаттың техникалық деректерін қараңыз

6.1.1.2 Басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін трактордың қажетті минималды алдыңғы балластын ($G_{V \min}$) есептеу

$$G_{V \min} = \frac{G_H \bullet (c + d) - T_V \bullet b + 0,2 \bullet T_L \bullet b}{a + b}$$

Кестеге (6.1.1.7 тарауы) трактордың алдыңғы жағы үшін қажетті есептелген минималды балласттаудың ($G_{V \min}$) сандық мәнін енгізіңіз.

6.1.1.3 Трактордың нақты алдыңғы білік жүктемесін ($T_{V \text{ tat}}$) есептеу

$$T_{V \text{ tat}} = \frac{G_V \bullet (a + b) + T_V \bullet b - G_H \bullet (c + d)}{b}$$

Кестеге (6.1.1.7 тарауы) трактордың пайдалану бойынша нұсқаулығында көрсетілген үйғарынды алдыңғы білік жүктемесін және нақты есептелген сандық мән енгізіңіз.

6.1.1.4 Трактор мен агрегат тіркесімінің нақты жалпы салмағын есептеу

$$G_{\text{tat}} = G_V + T_L + G_H$$

Кестеге (6.1.1.7 тарауы) трактордың пайдалану бойынша нұсқаулығында көрсетілген трактордың рүқсат етілген жалпы салмағын және есептелген нақты салмағының сандық мәнін енгізіңіз.

6.1.1.5 Трактордың нақты артқы білік жүктемесін ($T_{H \text{ tat}}$) есептеу

$$T_{H \text{ tat}} = G_{\text{tat}} - T_{V \text{ tat}}$$

Кестеге (6.1.1.7 тарауы) нақты үйғарынды артқы білік жүктемесі үшін сандық мәнді және трактордың пайдалану бойынша нұсқаулығында көрсетілген үйғарынды трактордың артқы білік жүктемесін енгізіңіз.

6.1.1.6 Трактор шинасының үйғарынды жүктемесі

Кестеге (6.1.1.7 тарауы) үйғарынды шина жүктемесінің екі еселенген мәнін (екі шина) енгізіңіз (мысалы, шина өндірушісінің құжаттамасын қарандыз).

6.1.1.7 Кесте

	Есептеулерге сай нақты мән	Трактордың пайдалану бойынша нұсқаулығына сай үйғарынды мән	Шинаның қосарлы үйғарынды жүктемесі (екі шина)
Минималды балласттау алдыңғы/артқы бөлшек	/ кг	--	--
Жалпы салмағы	кг	\leq кг	--
Алдыңғы білік жүктемесі	кг	\leq кг	\leq кг
Артқы білік жүктемесі	кг	\leq кг	\leq кг



- Трактордың техникалық төлқүжатынан трактордың жалпы салмағы, білігік жүктемесі және шина жүктемесінің үйғарынды мәндерін табасыз.
- Есептелген нақты мәндер үйғарынды мәндерден кем немесе оларға тең (\leq) болуы тиіс!



ЕСКЕРТУ

Трактордың жеткіліксіз тұрақтылығынан немесе жеткіліксіз басқару және тежеу өнімділігінен қысылу, кесілу, ұсталып қалу, тартылу және соққы қаупі бар.

Есептеулерге негіз ретінде алынған тракторға агрегатты тіркеуге келесі жағдайларда тыйым салынады:

- есептелген нақты мәндердің біреуі ғана үйғарынды мәннен артық болса;
- қажетті алдыңғы минималды балласттау ($G_{V \min}$) үшін тракторда алдыңғы балласт (қажет болса) бекітілмесе.



Қажетті алдыңғы минималды балласттауға ($G_{V \min}$) сай келетін алдыңғы балластты пайдалануыңыз қажет!

6.2 Тракторды/агрегатты кенет іске қосылу және дөңгелеуден бекіту



ЕСКЕРТУ

Агрегатта орындалатын кез келген әрекеттер барысында қысылу, кесілу, ұсталип қалу немесе оралып қалу, тартылу, қармаға немесе соққыдан болатын қауіптер төмендегі жағдайларда туындаиды:

- басқарылған жұмыс элементтерінен;
- трактордың қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған кезде жұмыс элементтерінің абайсыздан іске қосылуынан немесе гидравликалық функциялардың абайсыздан орындалуынан;
- трактор мен бекітілген агрегаттың кенет іске қосылуынан және домалауынан.
- Агрегатта қандай да бір жұмысты орындаған бұрын трактор мен агрегатты абайсыздан іске қосылу мен домалауға қарсы бекітініз.
- Келесі жағдайларда монтаждау, реттеу, ақауларды жою, тазалау және жөндеу секілді кез келген жұмыстарды агрегатта орындаға тыйым салынады:
 - агрегат жұмыс істеп тұрған кезде;
 - трактор қозғалтқышы кардан білігінің / гидравликалық жүйенің қосулы күйінде жұмыс істеген кезде;
 - оталдыру кілті тракторға салынған және трактор қозғалтқышы кардан білігінің / гидравликалық жүйенің қосулы күйінде кенет іске қосылғанда;
 - жылжымалы бөлшектер кенет қозғалысқа қарсы бұғатталмаған кезде;
 - трактор үстінде адамдар (балалар) болған кезде.

Әсіресе мұндай жұмыстарды орындаған кезде басқарылатын, бекітілмеген жұмыс элементтерімен абайсыздан жанасудан қауіптер туындаиды.

1. Трактор қозғалтқышын өшіріңіз.
2. Кілтті тұтандыру тетігінен шығарыңыз.
3. Трактордың тұрақ тәжегішін тартыңыз.
4. Трактор үстінде адамдардың (балалардың) болмағанын қадағалаңыз.
5. Қажет болса, трактор кабинасын жауып қойыңыз.

7 Агрегатты қосу және ажырату



Агрегаттарды жалғау және ажырату кезінде 22-беттегі "Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары" бөлімін қараңыз.



ЕСКЕРТУ

Кардан білігін және қоректендіретін магистральдерді жалғау немесе ажырату кезінде трактордың абайсыздан іске қосылуы мен домалануы нәтижесінде қысылу, ұсталып қалу, оралу және/немесе соққы қаупі бар!

Кардан білігін және қоректендіретін магистральдерді жалғау немесе ажырату үшін трактор мен агрегат арасындағы қауіпті аймақта кірмestен бұрын, тракторды абайсыздан іске қосылу мен домалауға қарсы бекітіңіз. Осы тақырып жөнінде 58-бетті қараңыз.



ЕСКЕРТУ

Агрегатты жалғаған және ажыратқан кезде трактордың артқы бөлігі мен агрегаттың арасында қысылу және соқтығысдан қауіпті жағдайлар туындаиды!

- Трактордың артқы бөлігі мен агрегат арасында адамдар тұрган кезде трактордың үш нүктелі гидравликасын пайдалануға тыйым салынады.
- Трактордың үш нүктелі гидравликасын басқару элементтерін белсендерініз
 - о тек қана трактор жанындағы қарастырылған жұмыс орнынан іске қосыңыз;
 - о трактор мен агрегат арасындағы қауіпті аймақтың шеңберінде болған кезде іске қоспаңыз.

7.1 Агрегатты қосу



ЕСКЕРТУ

Агрегатты жалғаған кезде трактор мен агрегаттың арасында қысылу және/немесе соқтығысудан қауіпті жағдайлар туындаиды!

Агрегатты іске қосу алдында адамдарды агрегат пен трактор арасындағы қауіпті аймақтан шығарыңыз.

Нұсқау алған көмекші тек трактор мен агрегат жаңында нұсқаушы ретінде қолдау көрсетуі және көлік құралдарының арасында бос жүріс кезінде тұруы тиіс.



ЕСКЕРТУ

Агрегат трактордан өздігінен ажыратылған жағдайда адамдарға қысылу, тартылып қалу, ұсталып қалу немесе соқтығысудан қауіпті жағдайлар туындаиды!

- Агрегатты тракторға тиісінше қосу үшін арнайы қарастырылған жабдықтарды пайдаланыңыз.
- Агрегатты трактордың үш нүктелі гидравликалық жабынына қосқан кезде трактор мен агрегаттың құрастыру санаттары сәйкес екендігіне назар аударыңыз.
- Агрегатты жалғау үшін, тек қана жеткізілім жиынтығындағы жоғарғы және тәменгі иінтірек болттарын пайдаланыңыз (түпнұсқа болттар).
- Агрегатты әр қосқан сайын жоғарғы мен тәменгі иінтірек болттарында көзге көрінетін ақаулардың бар-жоғын тексеріңіз. Тозудың нақты белгілері анықталған жағдайда, жоғарғы мен тәменгі иінтірек болттарын ауыстырыңыз.
- Жоғарғы мен тәменгі иінтірек болттарын абайсыз босатылуға қарсы бекітіңіз.
- Іске қосу алдында визуалды тексеріс арқылы жоғарғы мен тәменгі иінтірек ілмектерінің дұрыс құлыптаңғанына көз жеткізіңіз.



ЕСКЕРТУ

Тракторды мақсатынан тыс пайдаланған жағдайда жұмыс кезіндегі бұзылу, жеткіліксіз тұрақтылық, жеткіліксіз басқару және тежеу мүмкіндігінен қауіпті жағдайлар туындаиды!

Агрегатты тек осы мақсаттарға арналған тракторларға ғана ілуге немесе тіркеуге рұқсат етіледі. Осы тақырып жөнінде 54-беттегі "Трактордың жарамдылығын тексеру" бөлімін қараңыз.

**ЕСКЕРТУ**

Қоректендіретін магистральдер зақымдалған кезде трактор мен агрегат арасындағы қуат көзінің үзілүінен қауіптер туындаиды!

Қоректендіретін магистральдарды қосқан кезде олардың бағытын тексеріңіз. Қоректендіретін магистральдар

- созылмауы, бүгілмеуі немесе аспалы немесе тіркеме агрегат қозғалған кезде басқа бөлшектеріне жабыспауы;
- бөгде заттарға икелмеуі тиіс.

1. Агрегатты жалғау кезінде оның үстінде көзге көрінетін ақаулардың бар-жоғын тексеріп шығыңыз. Бұл ретте 8-беттегі "Оператордың міндеттемесі" бөлімін қараңыз.
2. Үш нүктелі орнату жақтауының жалғау нүктелеріндегі жоғарғы мен төменгі інтирең болттарының үстіне дөңгелек төлкелерді бекітіңіз.
3. Жоғарғы мен төменгі інтирең болттарын серіппелі фиксатордың көмегімен абайсыз босатылуға қарсы бекітіңіз. Осы тақырып жөнінде 51-беттегі "Үш нүктелі орнату жақтауы" бөлімін қараңыз.
4. Агрегатты жүргізу алдында адамдарды агрегат пен трактор арасындағы аймақтан шығарыңыз.
5. Агрегатты тракторға жалғамас бұрын, ең алдымен қоректендіретін магистральдерді тракторға төмендегідей жалғаңыз:
 - 5.1 Тракторды трактор мен агрегат арасында бос кеңістік (шамамен 25 см) қалатында агрегатқа қарай жылжытыңыз.
 - 5.2 Тракторды абайсыздан іске қосылу мен домалауға қарсы бекітіңіз. Осы тақырып жөнінде 58-беттегі "Тракторды абайсыз іске қосылу мен домалауға қарсы бекіту" бөлімін қараңыз.
 - 5.3 Гидравликалық шланг сымдарын жалғаңыз, осы тақырып жөнінде 50-беттегі "Гидравликалық шланг сымдарын жалғау" бөлімін қараңыз.
 - 5.4 Жарықтандыру жүйесін жалғаңыз.
 - 5.5 Төменгі інтирең ілмектерін олар агрегатқа агрегаттың төменгі жалғау нүктелеріне қатысты бір осьте болатындаі етіп туралыңыз.
6. Енді тракторды агрегаттың төменгі жалғау нүктелері трактордың төменгі інтирең ілмектерін көтеретіндей етіп агрегатқа қарай артқа жүргізіңіз.
7. Трактордың үш нүктелі гидравликасын төменгі інтирең ілмектері дөңгелек төлкелерді көтеріп автоматты түрде құлыптастындаі етіп көтеріңіз.
8. Жоғарғы інтиреңті үш нүктелі орнату жақтауының жоғарғы жалғау нүктесімен жоғарғы інтирең ілмегі арқылы трактор отырғышынан ажыратыңыз.
→ Жоғарғы інтирең ілмегі автоматты түрде құлыптанады.
9. Іске қосу алдында визуалды тексеріс арқылы жоғарғы мен төменгі інтирең ілмектерінің дүрыс құлыптанғанына көз жеткізіңіз.

7.2 Агрегатты ажырату



Агрегатты ажыратқан кезде әрқашан оның алдында тракторды қайтадан қосқан кезде еркін жол жүрге мүмкіндік беретін жеткілікті көңістікті қалдыру керек.

1. Тістерді қорғау үшін, агрегатты тақтайлардың үстіне қойыңыз.
2. Агрегатты ажырату кезінде оның үстінде көзге көрінетін ақаулардың бар-жоғын тексеріп шығыңыз. Бұл ретте 8-беттегі "Оператордың міндеттемесі" бөлімін қараңыз.
3. Агрегатты трактордан тәмендегідей ажыратыңыз:
 - 3.1 Жоғарғы інінтіректі босатыңыз.
 - 3.2 Жоғарғы інінтірек ілмегін трактор отырғышынан босатып ажыратыңыз.
 - 3.3 Тәменгі інінтіректі босатыңыз.
 - 3.4 Тәменгі інінтірек ілмектерін трактор отырғышынан босатып ажыратыңыз.
 - 3.5 Тракторды шамамен 25 см-ге алға тартыңыз.
→ Трактор мен агрегат арасында болатын бос көңістік қоректендіретін магистральдерді ажырату үшін жақсырақ қолжетімділікті қамтамасыз етеді.
 - 3.6 Тракторды абайсыз іске қосылу мен домалауға қарсы бекітініз, осы тақырып жөнінде 58-беттегі "Тракторды абайсыз іске қосылу мен домалауға қарсы бекіту" бөлімін қараңыз.
 - 3.7 Гидравликалық шланг сымдарын ажыратыңыз, осы тақырып жөнінде 50-беттегі "Гидравликалық шланг сымдарын ажырату" бөлімін қараңыз.
 - 3.8 Жарықтандыру жүйесін ажыратыңыз.

8 Реттеулер



ЕСКЕРТУ

Төмөндегі жағдайлардың нәтижесінде қысылу, кесу, тарту, орау және соққы қауіппері туындаиды:

- трактордың үн нүктелі гидравликалық жүйесімен көтерілген агрегаттың өздігінен түсі;
- агрегаттың көтерілген, бірақ бекітілмеген бөлшектерінің өздігінен түсі;
- трактор мен агрегат комбинациясының кенет іске қосылуы және дөңгелеуі.


Агрегатта реттеулерді орындауда бұрын трактор мен агрегатты абайсыз іске қосылу мен домалаудан бекітіңіз, бұл ретте 58-беттің қаранызы.

8.1 Тістердің өңдеу терендігі



Тістердің өңдеу терендігін реттеу кезінде теңестіру блогы да реттеледі.

8.1.1 Гидравликалық терендік реттегіші



- (1) Гидравликалық терендік реттегіші
- (2) Өңдеу терендігін көрсетуге арналған көрсеткісі бар шкала



Шкаладағы мәндер орнатылған өңдеу терендігін см-мен көрсетпейді.

Өңдеу терендігі трактордың жасыл басқару блогы арқылы реттеледі.

8.2 Тәнестіру блогының өндөу тереңдігі



Егер тәнестіру блогы каток артында атыз қалдырыса:

→ Тәнестіру блогының өндөу тереңдігі тым үлкен.


Егер тістер каток артында атыз қалдырыса:

→ Тәнестіру блогының өндөу тереңдігі тым кішкентай.

8.2.1 Тәнестіру блогының өндөу тереңдігін механикалық түрде орнату

Тәнестіру блогының өндөу тереңдігін тістердің өндөу тереңдігіне тұтқыш арқылы реттеуге болады.

1. Серіппелі фиксаторды (1) тартыңыз.
 2. Өндөу тереңдігін тұтқышпен реттепіз.
 3. Реттеуді серіппелі фиксатормен бекітіңіз.
- Тұтқышты оңға қарай бұраңыз.
→ Өндөу тереңдігі азаяды.
 - Тұтқышты солға қарай бұраңыз.
→ Өндөу тереңдігі үлғаяды.



- Тереңдікті реттеу әрекетін барлық реттегіш блоктарда бірдей жолмен орынданызыз.
- Реттегіш блоктарға нұсқаушы ретінде шкала орнатылған (2).

8.2.2 Тәнестіру блогының өндөу тереңдігін гидравликалық түрде орнату

Тәнестіру блогының өндөу тереңдігі жұмыс күйінде гидравликалық жолмен трактордың **сарғыш** басқару блогы арқылы реттеледі.

Агрегатта реттелген тереңдікті көрсететін шкала (0 – 8) орналасқан.

Шкаладағы мәндер өндөу тереңдігін см-мен көрсетпейді.



8.3 Ultra артық жүктемеден қорғанысын реттеу

1. Агрегатты тракторға жалғаңыз.
2. Қосу шүмегін (0) күйіне келтіріңіз.
3. Артық жүктемеден қорғаныста қысым тудыру үшін трактордың сары басқару блогын қалқымаңыз күгеге келтіріңіз.





Сақ болыңыз, агрегат түсіп қалады!

4. Реттегіш клапандағы (3) контрсомынды босатыңыз.
5. Реттеу қысымын көтеру үшін реттегіш клапандағы реттегіш бұранданы тағы бұрап кіргізіңіз.
Қысымды азайту үшін реттегіш бұранданы тағы бұрап шығарыңыз.
6. Қосу шүмегін (1) күйіне келтіріңіз.
7. Артық жүктемеден қорғаныста қысым тудыру үшін трактордың сары басқару блогын басып, ұзағырақ ұстап тұрыңыз.



Сақ болыңыз, агрегат көтеріледі!

8. Реттеу қысымын манометрден (2) оқып шығыңыз.
9. Реттеу қысымын оңтайландауды үшін әрекетті қайталаңыз.
10. Реттегіш клапанды контрсомынмен бекітіңіз.



8.4 Қырғышты реттеу


Қырғыштар зауытта реттеледі. Жұмыс шарттарының реттелуін бейімдеу үшін:

1. Бұрандалы қосылымдарды босатыңыз.
2. Қырғышты ойыққа орнатыңыз.
3. Бұрандалы қосылымды тартыңыз.



Конустық сақиналы каток:


Қырғыш пен аралық сақина арасындағы қашықтықты кем дегенде 10 мм шамасына орнатыңыз, әйтпесе шамадан артық тозу орын алады



8.5 Бір жақты жеке табанды реттеу

Бір жақты жеке табандар 3 күйде реттеледі:

- (1) Стандартты өрісті өндедеу
 - (2) Азықтандыру және арапастыру еңкейту бұрышына байланысты жақсарады, осылайша қарсылық жоғарылайды және кесу өрекеті нашарлайды
 - (3) Өте тегіс өндедеуге арналған толық бетті кесу
1. Агрегатты түрендер жерден сәл жоғары болатындей етіп түсіріңіз.
 2. Бұрандалы қосылыштардың екеуін де босатыңыз.
 3. Екі жарманы да қажетті орынға бұрап бекітіңіз.
 4. Барлық түрненді бірдей реттеңіз.



9 Тасымалдау

с

ҚАУІП

- Тасымалдау кезінде 25-беттегі "Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары" бөлімін қараңыз.
- Көлік құралының иесі де, жүргізуі де StVO және StVZO заңдарымен бекітілген талаптардың сақталуына жауапты болады!
- Жарықтандыру жүйесінің функциялық қабілеттілігін тексеріп шығыңыз!
- Аспалы құрылғыны тасымалдау кезінде трактордың жарықтандыруын жауып қоюға болмайды.
- 3 м шамасындағы көлік енінен асыруға болмайды!
- Жолда көтерілген құрылғымен қозғалған кезде трактордағы басқару ініштегі төмендеу мен жайылуға қарсы құлыштануы тиіс!



Cenius 3003 / 3503:

ҚАУІП

Шамадан артық енімен тасымалдау кезінде жарақат алу қаупі бар.

- Сыртқы шектік дискілерді / шектік қырғыларды ішке жылжытып бекітіңіз!
- Жебе табандар / бір жақты жеке табандар: жебе табандарды бөлшектеніз немесе сыртқы тіс бекіткішін рұқсатты көлік ені сақталатындей етіп ішке монтаждаңыз.

Артқы тырма (қосымша)



Жолда қорғауыш тақтайшаны монтаждаңыз.

10 Агрегатты пайдалану



ҚАУІП!

- Агрегатты пайдалану кезінде 22-беттегі "Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары" бөлімін қараңыз.
- Агрегаттағы ескерту белгілеріне назар аударыңыз. Ескерту белгілері агрегатты қауіпсіз пайдалану бойынша маңызды нұсқаулар береді. Аталған нұсқауларды орындау қауіпсіздігіндегі қамтамасыз етеді!

10.1 Тасымалдау күйінен жұмыс қүйіне қайта жабдықтау

1. Агрегатты көтерініз.
2. Шектік дискілер / шектік қырғылардың екеуін де жұмыс қүйіне орнатыңыз.
3. Қажет болса: Ойып орнатылған сақиналы катоктың сыртқы пышақтарын монтаждап, сыртқы бір жақты жеке табандарды жұмыс қүйіне орнатыңыз.

10.2 Қолдану



Бүйірінен бұғатталған трактордың төменгі інітіректерімен жұмыс істеңіз.

Сеніус құрылғысында артқы бөліктегі үш нұктелі ілмектің қалқымағы қүйін орнату қажет. Терендік бос жүріс қүйінде айналып жатқан каток арқылы басқарылады.

Алқапта жұмыс істеу барысында құрылғы бұрылу жолағының алдындаған көтеріліп, кейін қайта енгізіледі.

- Агрегат тракторға жалғанады.
- Тістердің және теңестіру блогының өндеу терендігі реттеледі.
- Агрегат жұмыс қүйіне орнатылып тұрады.



Енгізілген күйде артқа жүргізуге тыйым салынады!



Құрылғыны трактордың көтергіш інітірек шпиндельдері және жоғарғы інітірек арқылы жақтау жұмыс барысында ұзындығы мен көлденең қимасы бойынша жер бетіне параллель болатындей етіп реттеу қажет!

10.3 Бұрылу жолағы

- Шұғыл бұрылыштардан өткен кезде құралға көлденең жүктеме түсірмеу үшін, құрылғыны көтеру қажет!
- Бұрылу жолағына кіру құрылғының бағыты жұмыс бағытына сәйкес келгендеған орын алады!

11 Ақаулықтар

Ақаулық	Ақаулықты жою әдісі
Дискілер / тістер қатарлары өсімдік материалымен бірге басылады.	Агрегатты көтеріп, жаңадан енгізіңіз.
Каток алдында жерден ары жылжытылады.	Агрегатты көтеріп, жаңадан енгізіңіз. Өндөу тереңдігін азайтыңыз.
Тығыздауыш каток басылады.	Қырғышты реттеп шығыңыз.

12 Тазалау, техникалық қызмет көрсете және жөндеу



ЕСКЕРТУ

Темендергі жағдайлардың нәтижесінде қысылу, кесу, тарту, орау және соққы қауіптері туындаиды:

- трактордың үн нұктелі гидравликалық жүйесімен көтерілген агрегаттың өздігінен түсуі;
- агрегаттың көтерілген, бірақ бекітілмеген бөлшектерінің өздігінен түсуі;
- трактор мен агрегат комбинациясының кенет іске қосылуы және дөңгелеуі.

Тазалау, техникалық қызмет көрсете және жөндеу жұмыстарын бастамас бұрын трактор мен агрегатты абайсыздан түсу мен дөңгелеуге қарсы бекітіңіз, бұл туралы 58-бетті қараңыз.



ҚАУІП!

- Тазалау, техникалық қызмет көрсете және жөндеу жұмыстарын орындау кезінде 27 # бетте-беттегі "Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары" бөлімін қараңыз.
- Көтерілген құрылғыда техникалық қызмет көрсете жұмыстарын орындау кезінде әрдайым арнайы тіреуіш элементтерді пайдалану қажет.
- Жарықтандыру жүйесінің функциялық қабілеттілігін тексеріп шығыңыз!



- Бояумен аяқталатын жөндеу жұмыстарын өткізген кезде, өнім графикасын және нұсқау тақтайшасын жаңарту қажет!
- Тозған және зақымдалған бөлшектерді ауыстыру керек. Тек қана түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы тиіс!
- Барлық белгіленген майлау орындарын майлау жоспарына (72-бет) сәйкес майлап шығу немесе жылжымалы мен айналмалы нұктелерді майлап шығу керек!
- Жұмыс істегеннен кейін құралды тазалап шығу керек!

12.1 Тазалау



- Тежегіш, аяу және гидравликалық магистральдерді ерекше мұқияттылықпен тексеріңіз!
- Тежегіш, аяу және гидравликалық магистральдерді ешқашан бензинмен, бензолмен, керосинмен немесе минералды майлармен өндеменіз.
- Агрегатты тазалағаннан кейін, әсіреле жоғары қысымды тазартқыштың/бу ағынды тазартқыштың немесе май ерітетін құралдардың көмегімен тазалағаннан кейін міндетті түрде майлап шығыңыз.
- Тазартқыш құралдарды пайдалану мен қалдықты кәдеге жарату бойынша заңнамалық талаптарды сақтаңыз.

Жоғары қысымды тазартқыштың / бу ағынды тазартқыштың көмегімен тазалау



- Тазалау үшін жоғары қысымды тазалағышты / бу ағынды сорғышты пайдаланған кезде міндетті түрде төмөндегі ережелерді сақтаңыз:
 - о Электрлік компоненттерді тазаламаңыз.
 - о Хроммен қапталған компоненттерді тазаламаңыз.
 - о Жоғары қысымды тазалағыш/бу сорабынан тазалағыш шүмектің тазалау ағынны майлау орындары, қойма, фирмалық тақтайша, ескерту белгілері және жабысқақ таспаға ешқашан тікелей бағыттамаңыз.
 - о Әрдайым жоғары қысымды тазартқыштың немесе бу ағынды тазартқыштың шүмегі мен агрегат арасында 300 мм қашықтықты сақтаңыз.
 - о Жоғары қысымды тазалағыш/бу сорабынан орнатылған қысым 120 бардан аспауы тиіс.
 - о Жоғары қысымды тазалағыштармен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік нұсқауларын орындаңыз.

12.2 Агрегатты майлау бойынша нұсқаулар




Барлық майлағыш ниппельдерді майлап шығыңыз (тығыздауыштарды таза ұстаңыз).

Агрегатты белгіленген аралықтарда майлап тұрыңыз.

Агрегаттағы майлау нұктелері үлдірмен белгіленген.

Мойынтрекке кір түспеуі үшін, майлау алдында майлау нұктелері мен майлайтын шприцті мұқият тазалап шығыңыз.
Мойынтректердегі кірленген майды толық шығарып!



Майлайтын материалдар




Майлай жұмыстары үшін беткейлі белсенді қоспалары бар литийден жасалған әмбебап консистенттік майды пайдаланыңыз:

Фирмасы	Майлайтын атауы
ARAL	Aralub HL 2
FINA	Marson L2
ESSO	Beacon 2
SHELL	Retinax A

Майлай схемасы

	Атауы	Саны	Майлай жиілігі [сағ]
1	Шпиндель/гидравикалық цилиндр, тіс тереңдігі	1 / 2	50
2	Тұтқыш	2 / 4	50
3	Артқы кулиса	2 / 4	50



12.3 Техникалық қызмет көрсете жоспары – шолу



- Техникалық қызмет көрсете жұмыстарын бекітілген мерзімге жеткен соң жүзеге асырыңыз.
- Жеткізілім жиынтығына кіретін үшінші тарап құжаттамасында көрсетілген уақыт аралықтары, жүріп өткен қашықтықтар мен техникалық қызмет көрсете аралықтары басымды болады.

Алғаш рет жүктеме астында жүргізгеннен кейін

Құрамдас бөлшек	Техникалық қызмет көрсете жұмысы	мына бетте	Шеберханадағы жұмыс
Тістердің байланысы	• Бұрандалы қосылымын тексеру	78	
Гидравликалық жүйе	• Ақаулардың бар-жоғын тексеру • Санылаусыздығын тексеру	80	X

Апта сайын / 50 жұмыс сағаты сайын

Құрамдас бөлшек	Техникалық қызмет көрсете жұмысы	мына бетте	Шеберханадағы жұмыс
Гидравликалық жүйе	• Ақаулардың бар-жоғын тексеру	80	X
Тістердің байланысы	• Бұрандалы қосылымын тексеру	78	
Super және Ultra артық жүктемеден қорғанысы	• C-Mix Super және Ultra мойынтірек төлкелерінің тозуын тексеру	74	X
Катоктардың байланысы	• Бұрандалы қосылымын тексеру	79	
Диск ұстағышының байланысы	• Бұрандалы қосылымын тексеру	79	
Катоктағы қырғыш	• Арақашықтығын тексеру	66	

Қажетінше


Құрамдас бөлшек	Техникалық қызмет көрсете жұмысы	мына бетте	Шеберханадағы жұмыс
Соқа тістері	• Алмастыру	76	
Тістер	• Алмастыру	75	
Диск XL041	• Тозудың бар-жоғын тексеру - минималды диаметрі 360 мм құраганда алмастыру	77	X
Диск сегменттері	• Алмастыру	77	X
Төменгі інтирең болты	• Алмастыру	83	

12.4 C-Mix Super және Ultra мойынтірек төлкелерінің тозуын тексеру

1. Агрегатты тоқтатып, сәл көтеріңіз.
→ Түрендер қысқа мерзімге жер үстінде.
2. Аяқпен түрен ұштықтарына кезектесіп көлденең күш қолданыңыз.
3. Болт пен құйма ұстағыш арасындағы мойынтірек саңылауын анықтаңыз.
4. Болт пен мойынтірек кронштейнің арасындағы мойынтірек саңылауын анықтаңыз.

Максималды рұқсат етілген саңылау: 1,5 мм

5. Егер мойынтірек саңылауы 1,5 мм-ден үлкен болса, мойынтірек төлкелерін алмастыру керек.
→ Шеберханада орындалатын жұмыс.



12.5 Соқа тістерін алмастыру және тістерді алмастыру



САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Тістер мен соқа тістерін алқапта алмастыруға болады. Бұл ретте агрегаттың қалаусыз түсіп қалуынан жарақат алу қаупін барынша азайту үшін, агрегатты сөл ғана көтеріңіз.
- Астыңғы бет қатты болғанда агрегатты соқа тістерінің үстіне қоюға болмайды.



САҚ БОЛЫҢЫЗ


Өткір жиектен жарақат алу қаупі бар!

- Соқа тістерін алмастыру кезінде ерекше сақтық танытыңыз!
- Бұрандаларды тік бұрыш астында бұрамаңыз.
- Міндепті түрде қорғауыш көзілдірік пен қолғапты пайдаланыңыз!

12.5.1 Тістерді алмастыру


Cenius Super

Тістерді алмастыру үшін жоғарғы бұрандаларды (1) бөлшектемей, тек босату қажет.




Cenius Special

- (1) Кесілген бұранда: M12 x 90 8,8
Бұранданың бұрау моменті: 86 Нм
- (2) Бекіткіш бұранда: M20
Бұранданың бұрау моменті: 210 Нм



12.5.2 Соқа тістерін алмастыру


- Соқа тістерін алмастыру кезінде төмендегілерге назар аударыңыз:
- Бұранданың бұрау моменті: 145 Нм
 - 5 сағаттық жұмыстан кейін бұрандалы қосылымның берік орнатылып тұрғанын тексеріп шығыңыз.



12.6 Диск сегменттерін монтаждау және бөлшектеу (шеберханадағы жұмыс)



- Серіппелі элементтерді (диск сегменттерін) бөлшектеу кезінде алдын ала керілісті ескеріңіз! Арнайы құрылғыларды пайдаланыңыз!
- Диск сегменттерін монтаждау және бөлшектеу үшін, көмекші құрал ретінде ұзын бұрандаларды да пайдаланыңыз!



12.7 Дискілерді алмастыру (шеберханадағы жұмыс)

Дискінің минималды диаметрі: 360 мм.

Дискілер мына шарттар орындалғанда алмастырылады:

- агрегат көтерілген, бұрылыш жолағының күйі,
- дискілер көтерілген,
- агрегат кенет төмендеп қалуға қарсы бекітілген.



Дискілерді алмастыру үшін, төрт бұрандалы қосылымды босатып, кейін қайтадан тартыңыз.

12.8 Тістердің байланысы

Бұрандалы қосылымның берік орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Cenius Super

Қажетті бұрау моменті: 410 Нм.




Cenius Special

Қажетті бұрау моменті: 210 Нм.



12.9 Катокты тексеру


- Бұрандалардың (1) туралануын тексеріп шығыңыз.
- Бұрандалы қосылымның (1) берік орнатылғанын тексеріп шығыңыз.
- Каток (2) мойынтрегінің қолжетімділігін тексеріп шығыңыз.



12.10 Диск ұстағышының байланысы

Бұрандалы қосылымның берік орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Қажетті бұрау моменті: 210 Нм



12.11 Гидравликалық жүйе (шеберханадағы жұмыс)



ЕСКЕРТУ

Гидравликалық жүйеде жоғары қысымды гидравликалық майдың теріге енуден инфекция жүқтүру қаупі!

- Гидравликалық жүйедегі барлық жұмыстар тек мамандандырылған ұстаханада орындалуы тиіс!
- Гидравликалық жүйемен жұмысты бастамас бұрын жүйедегі қысымды босатыңыз!
- Майдың қай жерден ағып жатқандығын анықтау үшін қолайлы қосымша құрылғыларды пайдаланыңыз!
- Герметикалық емес шланг сымдарын ешқашан қолмен немесе саусақтардың көмегімен жабуға тырыспаңыз.

Жоғары қысым астында шығатын сұйықтықтар (гидравликалық май) тері арқылы өтіп, аса ауыр жарақттардың себебі болуы ықтимал!

Гидравликалық май тигеннен жарақат алған жағдайда, дереу дәрігердің көмегіне жүгініңіз! Жүқтүру қаупі!




- Гидравликалық шланг сымдарын тартқыштың гидравликасына жалғаған кезде, гидравликаның тартқыш пен тіркеме жағында қысымсыз болғанына көз жеткізіңіз!
- Гидравликалық шланг сымдарының дұрыс қосылымын тексеріңіз.
- Тұрақты негізде барлық гидравликалық шланг сымдары мен муфталарында қандай да бір ластану және ақаудың баржоғын тексеріңіз.
- Жылына кемінде бір рет гидравликалық шланг сымдарының пайдалану қауіпсіздігін тексеру үшін құзіретті мамандарды шақырыңыз!
- Гидравликалық шланг сымдары зақымдалған немесе тозған болса, оларды ауыстырыңыз! Тек AMAZONE тұпнұсқа гидравликалық шланг сымдарын пайдаланыңыз!
- Гидравликалық шланг сымдарының пайдалану ұзақтығы алты жылдан аспауы тиіс, қоймада сақтауда кемінде екі жыл болуы ықтимал. Шланглер мен шланг қосылымдарын дұрыс сақтаған және оларға жүктеме түсірген кезде де олар табиғи тозуға ұшырайды, ал бұл өз кезегінде олардың сақтау мен қызмет мерзімін шектейді. Апattyқ әлеуettі міндettі түрде ескере отырып және өз тәжірибеліді басшылыққа ала отырып, қызмет ету ұзақтығын орнатуға болады. Термопласттан жасалған шланг пен шланг сымдарының болжалды мәндері өзгеше болуы ықтимал.
- Пайдаланылған майды нұсқауларға сай жойыңыз. Қалдықты көдеге жарату бойынша қыындықтар бойынша кеңесті май жеткізуілерінен алуға болады!
- Гидравликалық майды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!
- Гидравликалық майдың суға немесе топыраққа тиуіне жол берменіз!

12.11.1 Гидравликалық шланг сымдарын белгілеу

Арматура белгілеуінде келесі ақпарат берілген:

- (1) Гидравликалық шланг сымын өндірушінің белгілеуі (A1HF)
- (2) Гидравликалық шланг сымын өндіру күні (04 / 02 = жыл / ай = ақпан 2004 ж.)
- (3) Максималды үйғарынды жұмыс қысымы (210 бар).



12.11.2 Техникалық қызмет көрсетеу аралығы

Алғашқы 10 жұмыс сағатынан кейін және кейін әрбір 50 жұмыс сағаты сайын

1. Гидравликалық жүйенің барлық бөлшектерінде саңылаусыздықты тексеріңіз.
2. Қажет болған жағдайда бұрандалы қосылымдарды тартыңыз.

Әр іске қосу алдында

1. Гидравликалық шланг сымдарында көзге көрінетін ақаулардың бар-жоғын тексеріңіз.
2. Гидравликалық шланг сымдары мен құбырлардағы икелу орындарын жойыңыз.
3. Тозған гидравликалық шланг сымдарын дереу аудыстырыңыз.

12.11.3 Гидравликалық шланг сымдарын тексеру критерийлері



Өз қауіпсіздігіңіз үшін келесі тексеру критерийлерін есте сақтаңыз!

Тексеру кезінде келесі белгілер анықталса, гидравликалық шланг сымдарын аудыстырыңыз:

- ендірмеге дейін сыртқы қаптары бұзылса (мысалы, жұқарған орындар, тілме, жарықшақтар);
- сыртқы қаптарының сынуы (шлангілердегі жарықшақтардың пайда болуы);
- шлангінің немесе шланг сымдарының нақты пішініне сәйкес келмейтін деформациялар болған жағдайда. Қысымсыз де, қысым астында да болған жағдайда немесе бұралған кезде (мысалы, жіктелу, қабыршықтардың пайда болуы, жапыру, бойлық бүгілістер).
- герметикалық емес орындар;
- шланг арматурасының зақымдалуы немесе деформациясы (саңылаулығы бұзылған); елеусіз ақаулар аудыстыруға негіз болып табылмайды;
- арматурадан шлангілердің шығуы;
- жұмысқа қабілеттілік пен тәзімділікті төмендететін арматура коррозиясы;

- құрастыру талаптарын сақтамау;
- пайдалану ұзақтығының 6 жылдан асып кетуі.

Арматурадағы гидравликалық шланг сымдарының өндіру күніне 6 жыл қосылады. Егер арматурада көрсетілген өндіру күні "2004" болса, пайдалану мерзімі 2010 жылдың ақпан айында аяқталады. Бұл туралы "Гидравликалық шланг сымдарын белгілеу" мақаласында қараңыз.

12.11.4 Гидравликалық шланг сымдарын құрастыру және бөлшектеу



Гидравликалық шланг сымдарын құрастыру және бөлшектеу кезінде міндетті түрде төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- Тек AMAZONE түпнұсқа гидравликалық шланг сымдарын пайдаланыңыз!
- Гидравликалық шланг сымдарының тазалығын міндетті түрде сақтаңыз.
- Гидравликалық шланг сымдары кез келген режимде жұмыс істейтіндей етіп құрастырудан өткізуі туіс:
 - о тартатын жүктеменің болмауы, жеке салмағының есебінен жасалатын жүктемені қоспағанда;
 - о қысқа ұзындықта қысатын жүктеменің болмағаны;
 - о гидравликалық шланг сымдарына сыртқы механикалық әсердің түспеуі.Орынды түрде орналастыру және бекіту арқылы шланглердің іргелес құрамдас бөліктерге және бір-біріне икелуін болдырмаңыз. Қажет болған жағдайда гидравликалық шланг сымдарын қорғаныш қамтамамен қорғауға болады. Откір жиекті бөлшектерді жабыңыз.
 - о үйғарынды бұрылыштың радиустарын бұзуға рұқсат етілмейді.
- Гидравликалық шланг сымдарын қозғалмалы бөлшектерге қосқан кезде, шланг сымдарының ұзындығы қозғалыстың барлық диапазонында минималды үйғарынды бұрылыш радиусы және/немесе гидравликалық шланг бұзылмауын және созылмауын қамтамасыз ету қажет.
- Гидравликалық шланг сымдарын өндіруші қарастырған нұктелерде бекітіңіз. Шланг ұстағыштарын табиги қозғалысқа кедергі келтіретін және шланг ұзындығын өзгертетіндей етіп орнатпаңыз.
- Гидравликалық шланг сымдарын лакпен бояуға тыйым салынады!

12.12 Жоғарғы мен төменгі інтилек болттарын тексеру



ҚАУІП!

Агрегат трактордан өздігінен ажыратылған жағдайда, адамдарға қысылу, кесілу, ұстаптып қалу және соққы қауіптері төнеді!

Қозғалыс қауіпсіздігінің түркісінан зақымдалған жоғарғы мен төменгі інтилек болттарын дереу алмастырыңыз.


Жоғарғы мен төменгі інтилек болттарына арналған тексеру критерийлері:

- жарықшақтардың бар-жоғын шолып тексеру;
- сынықтардың бар-жоғын шолып тексеру;
- қалған деформациялаудың бар-жоғын шолып тексеру;
- тозудың бар-жоғын шолып тексеру және қосымша өлшеу. Рұқсат етілген тозу 2 мм құрайды.
- Дөңгелек төлкелер тозуының бар-жоғын шолып тексеру және қосымша өлшеу
- Қажет болса: бекіткіш бұрандалардың берік бекітілгенін тексеру


Тозу критерийі орындалса, жоғарғы немесе төменгі інтилек болттарын алмастырыңыз.

13 Гидравликалық сызба


Терендікті реттеу (тістер)



Терендікті реттеу (тенестіру блогы)




13.1 Бұрандалардың айналдыру моменттері



**8.8
10.9
12.9**

M	S	8.8	10.9	12.9
M 8	13	25	35	41
M 8x1		27	38	41
M 10	16 (17)	49	69	83
M 10x1		52	73	88
M 12	18 (19)	86	120	145
M 12x1,5		90	125	150
M 14	22	135	190	230
M 14x1,5		150	210	250
M 16	24	210	300	355
M 16x1,5		225	315	380
M 18	27	290	405	485
M 18x1,5		325	460	550
M 20	30	410	580	690
M 20x1,5		460	640	770
M 22	32	550	780	930
M 22x1,5		610	860	1050
M 24	36	710	1000	1200
M 24x2		780	1100	1300
M 27	41	1050	1500	1800
M 27x2		1150	1600	1950
M 30	46	1450	2000	2400
M 30x2		1600	2250	2700



**A2-70
A4-70**

M	M4	M5	M6	M8	M10	M12	M14	M16	M18	M20	M22	M24
Nm	2,4	4,9	8,4	20,6	40,7	70,5	112	174	242	342	470	589

! Қаптамасы бар бұрандалардың айналдыру моменттері езгешеленеді.
 "Техникалық қызмет көрсету" тарауындағы айналдыру моменті бойынша арнайы нұсқауларды орындаңыз.



AMAZONEN-WERKE **H. DREYER SE & Co. KG**

Postfach 51
D-49202 Hasbergen-Gaste
Germany

Tel.: + 49 (0) 5405 501-0
e-mail: amazone@amazone.de
<http://www.amazone.de>

